

**«АРАБ
ФИЛОСОФИЯСЫ»**

Араб-мұсылман философиясы - [Орта ғасырда мұсылман дінін](#) қабылдап, [араб тілін](#) қолданған Шығыс халықтары ойшылдарының философия ілімдерінің жүйесі. Араб философиясы шығу тарихы мутазилиттер («ерекшеленушілер») қызметімен байланысты. [IX ғ-](#)да арабтар антик. дәуірдегі [жаратылыстану](#) және [философия](#) ілімдеріне қатысты мұраларымен кеңінен таныса бастайды. Басты назарда [Аристотель философиясы](#) болды. Аристотель философиясы кейде мұсылман философиясы немесе [араб тіліндегі философия](#) деп те аталды. Себебі бұл ұғымға арабтардан өзге [парсы](#), [түркі](#), т.б. халықтар өкілдерінің философиялық көзқарастары да енеді. Мысалы: түркі жұртының ғұламасы [Әбу Насыр әл-Фараби](#), парсылық [Әбу Әлгі ибн Сина](#) - оқулықтарда «Араб философтары» болып аталады. Сондықтан бұлардың бәрінің басын қосып айтқанда «Араб философиясы» деуден гөрі, «Араб тіліндегі философия» деген шындыққа сыйымды.



Арабтілді философия

Арабтілді философиялар бөлініс жасап, Орта Шығыста қалыптасты. Арабтілді философиялар Орта Шығыста философиялық жетістіктерді алғашқылар ретінде түсінікті және білімділікпен қарастырады. Арабтілді философиялар "араб философиясы" және "арабтілді философия" деп аталады.

Орта ғасырлық арабтілді философия дамуы

1. VII-IX ғғ – арабтілді философияның тууы мен қалыптасуы

2. IX-XV ғғ – арабтілді философияның ежелгі грек философиясын қабылдауы, игеруі. Арабтілді философияның араб-грек философиясына айналуы



Бірінші кезеңдегі негізгі бағыттар

Мутакаллимдер мектебі

Радикалды исламды жақтаушылар. Мутакаллимдер мектебінің өкілдері исламның діни догмаларын негіздеп, араб-ислам схоластикасының рөлін атқарды.

Мутазилиттер мектебі

Ислам философиясын дамытқанмен, кейбір мәселелерді материалистік тұрғыдан түсіндірді. Мысалы:
1. Исламның дамуының жаратылуы, дүниенің шығуы, тағдырдың жазылуы, т.б. туралы догмаларды рационализммен материалистік тұрғыдан түсіндірді.
2. Құдай туралы антропоморфты түсінікті (Құдайдың адам бейнелілігін) терістеді;
3. Құдай мен Әлемді бір деп жариялады;
4. Адам ақылшының күшіне сенді;
5. Адам тағдырының күші мен мүмкіндіктеріне сенді.

суфизм

("суф" – "жүн шекпен киген адам"; "саф", "сафа"- "тазалық"; "сафуа"- "таңдаулы болу" деген мағыналар гректің "софос"- "даналық" сөзінен алынған). Суфизм – адамның өз еркімен сыртқы дүниеден, бұл дүниелік қызықтан бас тартып, өз өмірін Құдай жолына арнау. Суфизм аскетизм, мистиканы жоғары игілік деп есептейді.

Мутазилиттік кезең Хасан аль Басри(728ж дүние салған) мен оның шәкірттері әрекеттерінен басталады.

Ежелгігрек философиясының әдістері мен идеяларын философиялық зерттеуге қолдануды дәл осы мутазилиттер бастады. Сондықтан мұсылмандық философияның тарихы белгілі дәрежеде ислам теологиясынан бөлініп шыққан мутазилиттерден басталады деуге болады.Мутазилиттер Құранды догма ретінде қарастыруға қарсы шығып, оның оның аллегориялық тұрғыдағы түсіндірмелік сипатын жақтады. Құранның мәңгіліктігі тезисіне қарсы шығып, оның жаратылғандығы идеясын жақтады.

Олар құдіретті жазу догматына қарсы шығып, адам еркінің бостандығы идеясын демек, адамның өз іс әрекетіне жауаптылығын қорғады.

Мутазилиттер дүниенің атомарлы құрылымы туралы түсінікті жақтады; атомдар – әрқайсысын әрдайым Алла басқарып отыратын бөлшектер деп түсінілді.

Мутазилиттер жиі талдайтын мәселе қатарына Жаратушы мен алғашқы жаратылу, және Құдай атрибуттары туралы сұрақтар енді. Ортодоксалды каламның классикалық кезеңінің негізін қалаушы – өз әрекетін мутазилит ретінде бастаған әл-Ашади (873-935), Матуриди (941) және әл-Газали (1058-1111) болып табылады.

Ортадоксалды каламның толық қалыптасу уақытын Халиф әл Каирдің 1041жылғы мұсылмандық “сенім символдарын” жариялап, келіспеушілермен пікір таластыруға тиым салатын жарлығымен байланыстырады.

IX ғасырда араб философияның жаңа, II кезеңі басталады

1. Медицина мен жаратылыстану саласындағы жаңалықтар нәтижесінде материалистік идеялардың күшеюі;

2. Ежелгі грек философиялық идеяларының енуі нәтижесінде араб философиясына айналуы;

II ғасырда европаландырылған араб тілді философияның қалыптасуына үлес қосқан философтар:

- Әл-Кинди
- Әл-Фараби
- Ибн Сина (Авицина)
- Ибн

IMAM (Аверроэс)
HASAN (PBUH)
WWW.TEBYAN.NET

WWW.TEBYAN.NET

II ғасырда европаландырылған арабтілді философияның
қалыптасуына үлес қосқан философтар:
Әл Кинди



Эл Фараби



Ибн Сина(Авицина)



Ибн Рушд(Аверроэс)



X - XIII ғ-ларда араб тіліндегі философияның мынадай бағыттары болған:

- 1) Шығыс перипатетизмі- Аристотель еңбектерін насихаттау талқылау жасаған философиялық мектеп. Мұның басында әл-Кинди (IX ғ.), әл-Фараби, ибн Сина, ибн Бадж, ибн Туфейль және ибн Рушд (Аверроэс) тұр.
- 2) «Таза ағайындар» ілімі-оқу жүйесіне арнал жазылған 51 томдық энцикл. еңбекте жинақталған. Бұл алғаш рет ғылым түрлерін жүйелеу, әрі оны оқыту мәселе- сіне арналған.
- 3) Сопылық ілім- Шығыста кеңінен дамыған ілім. Бұл бағыттан аса көрнекті өкілдері А. Ясауи, ибн Араби, т.б. мұсылман философиясының аса көрнекті өкілі - Әбу-л-Уәлид Мұхаммед әл-Ғазали. Ол әл-Фараби, ибн Сина сияқты ғалымдармен болмыс туралы бел шешіп айтысқа түскен.
- 4) Мұсылман философиясы -Сопылық ілім мен мұсылман философиясының ұқсастықтары көп. Араб тіліндегі философияны ғылымда фелсафа деп те атайды.

Фәлсафа тарихы әл-Киндиден бастадың, ибн Рушдпен аяқталады. Фәлсафаның философиядан өзгешелігі - ол [Платон](#), [Аристотель](#) еңбектерін мұсылмандық негізінде зерттей отырып, жоғарыда айтылған ойшылдар ойлаудың ерекше жүйесін жасаған. Бұл - [грек философиясын](#) тек қайталау немесе оған еліктеу емес, философияның ерекше тарихи типі. Араб тіліндегі философиялық тарихи маңызы - Ф.Бэконнан ([1561](#) - [1626](#)) [Спинозоға](#) ([1632](#) - [77](#)) дейінгі мерзімді қамтиды. Жаңа заман философиясы көтерген басты-басты мәселелерді Шығыс перипатетиктері мен мұсылман дінтанушылары өз кездерінде-ақ күн тәртібіне қойған. Фәлсафа мен Батыс философиясы арасындағы сабақтастық схоластар ([схоластика](#)) мен Сигер Брабантский, Роджер Бэкон еңбектерінен айқын аңғарылады. Араб философиясының тарихи кезеңдері немесе оның орталықтары өзгеріп тұрған.

IX - X ғ-да араб философиясы орталығы Халифатта болса, саяси себептерге байланысты X - XI ғ-да ол [Орта Азия](#) мен [Иранға](#) ауысқан. [Бұхара](#), [Самарканд](#), Мере, [Нишапур](#), [Исфаһан](#), Рей, [Хамадан](#), [Отырар](#) сияқты қалаларда ғылым, білім өріс алды. Араб философиясының үшінші орталығы мұсылмандық Батысқа ([Испанияға](#)) ауысты. Осыдан әрі қарай араб философиясы тұтастығынан айырылыс ұлттық сипаттарға ие бола бастады. Бұл тұста тек Мағриб ойшылы [Абд әр-Рахман Әбу Зейд ибн Халдун](#) (1332 - 1406) есімін ғана атаймыз. Араб философиясы тіліндегі философия түркі жұртында кеңінен өріс алды. Түркістан сопылық ілім орталығына айналды. Йасауи ілімі бүкіл түркі халықтары мәдениетінің дамуына елеулі әсер етті.

**Назарларыңызға
рахмет!**